

Кең таралған пайдалы қазбалардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 397 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы
№ 675 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 675 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 16-бабының 8) тармақшасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған кең таралған пайдалы қазбалардың тізбесі (бұдан әрі - **т і з б е**) **б е к і т і л с і н .**

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері кең таралған пайдалы қазбаларды коммерциялық мақсатта барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге келісімшарттар дайындау және жасасу кезінде тізбені **б а с ш ы л ы қ қ а** **а л с ы н .**

3. «Кең таралған пайдалы қазбалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 мамырдағы № 645 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 24, **2 0 3 - қ ұ ж а т**) .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		
2011	жылғы	7
№	397	сәуірдегі
	қаулысымен	
бекітілген		

Кең таралған пайдалы қазбалардың тізбесі

1. Металлургияға арналған кенге жатпайтын шикізат:
қ а л ы п т ы қ **қ ұ м ;**

құрамында сазды топырағы бар жыныстар (далалық шпат, пегматит);
әктас, доломит, әктасты-доломитті жыныстар, тамақ өнеркәсібіне арналған
ә к т а с .

2. Кенге жатпайтын басқа шикізат:
отқа төзімді саз;
каолин;
вермикулит;
ас тұзы.

3. Жергілікті құрылыс материалдары:
вулкандық кеуек жыныстар (туфтар, шлактар, пемзалар);
құрамында суы бар вулкандық шыны мен шыны тәріздес жыныстар (перлит,
обсидиан);

ұсақ жұмыр тас пен қиыршық тас, қиыршық тас-күм қоспасы;
гипс, гипсті тас, ангидрит, гажа;
саз және сазды жыныстар (баяу балқитын және тез балқитын саз, суглинка,
аргиллит, алевролит, сазды тақта тастар);
бор, мергель, мергельді-бор жыныстары;
кремний жыныстары (трепел, опока, диатомит);
кварцты-дала шпатты жыныстар;
шой тас;
шөгінді, атқылаудан кейінгі және метаморфалық жыныстар (гранит, базальт,
диабаз, мәрмәр);
қалыптықтан басқа күм (құрылыс, кварц, кварцты-дала шпаты);
құм тас;
табиғи пигменттер;
ұлутас.